


Мақат ауданы



Мақат ауданы — [Атырау облысының](#) орталық аумағындағы [әкімшілік](#) бөлік. 1938 жылы құрылған. Жер аумағы 4,9 мың км². Халқы 29,8 мың адам (2014). Құрамында 6 [кент](#) бар. Орталығы — [Мақат](#) кенті.

Мақат ауданы [Каспий маңы ойпатының](#) орталық бөлігінде орналасқан. Жер бедері жазық. Аумағында [пермь-триас](#), ортаңғы [юра](#) және [бор](#) дәуірлерінің жыныстарында түзілген тұзды күмбездерде шоғырланған ірі 23 [мұнай](#), [газ](#) кен орындары бар. Одан басқа [калий](#) тұзы және [гипс](#) кен орындары да кездеседі. Ірі мұнай кен орындарына [Бекбике](#), [Қошқар](#), [Сағыз](#), [Мақат](#), [Доссор](#), [Таңатар](#), [Байшонас](#), [Комсомол](#), [Ескене](#), [Қарсақ](#), [Ботақан](#), т.б. жатады.

Климаты

Мақат ауданының [климаты](#) тым континенттік және құрғақ; қысы біршама суық ([қараша](#) — [наурыз](#) айларында). Ауа райының орташа температурасы қаңтарда −10°C (кейде −35 — 40°C-қа дейін төмендейді), шілдеде 25°C (кейде 40°C-тан да жоғары). Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 150 — 175 мм. Тымық күндер аз. Желдің жылдық орташа жылдамдығы 4,5 — 5 м/с, қатты желдер де (10 — 15 м/с-қа дейін) болып тұрады.

Өзен-сулары[[өңдеу](#)]

Жер беті суларынан тек ауданның шығыс бөлігі бойымен ағып өтетін суы тұзды [Сағыз өзені](#) ғана бар. Тереңде жатқан жер асты суларының минералдығы жоғары.

Өсімдіктері мен жануарлары[[өңдеу](#)]

Егіншілікке жарамсыз [сор](#), сортаңды, бозғылт және сұр топырақ қабаттарында, көбінесе, [боз жусан](#), [көкпек](#) және [бұйырғын](#) өседі. Жануарлар дүниесін шөлге бейім [кемірушілер](#) мен [бауырымен жорғалаушылар](#) құрайды.

Халқы[[өңдеу](#)]

Мақат ауданының халқы түгелімен дерлік қалалық жерде қоныстанған. Халықтың 1 км²-ге шаққандағы орташа тығыздығы 5,3 адам. Оның басым көпшілігі [қазақтар](#) (97,6%). Басқа ұлт өкілдерінен [орыстар](#), [өзбектер](#), т.б. тұрады. Елді мекендері: [Доссор](#), [Мақат](#), [Байшонас](#), [Ескене](#), [Комсомол](#), [Қошқар](#) кенттері.

Мақат ауданында, негізінен, мұнай мен газ өнеркәсібі дамыған. Мұнай өнеркәсібін мұнда алғаш рет 1911 жылы орыс-ағылшын кәсіпорны ұйымдастырды. 1917 жылға дейін оның құрамында тек қана Доссор (1911) мен Мақат (1915) мұнай кәсіпшіліктері жұмыс істеді. 1920 жылы олар “Ембімұнай” тресіне біріктірілді. Кейіннен оның құрамы жаңадан ұйымдасқан Байшонас, Сағыз, Комсомол, Қошқар, т.б. мұнай кәсіпшіліктерімен толықты. Мұнай тасымалын іске асыру мақсатында 1939 — 40 жылы Атырау — Ор темір жол мен мұнай құбыры және оны өзге кәсіпшіліктермен қосатын мұнай құбырының тарамдары салынды. Аудандағы ірі кәсіпорындар қатарына Мақат мұнай басқармасы, ЛОКОМОТИВ ДЕПОСЫ, Мақат темір жол желілік басқармасы, Мақат темір жол станциясы, Доссор мұнай басқармасы, “Доссормұнаймаш” ЖШС, т.б. жатады. Білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінен жалпы білім беретін 12 мектеп, мәдениет үйі, 4 клуб, аудандық аурухана мен емхана, Доссор кенттік ауруханасы, 6 фельдшерлік-акушерлік пункт, 2 отбасылық амбулатория бар. 1937 жылдан бастап “Мұнайшы” атты аудандық газет шығады. Аудан жері арқылы Мақат — Бейнеу — Қоңырат, Мақат — Индербор т. ж. және Атырау — Мақат — Қандыағаш — Ақтөбе, Доссор — Құлсары, Доссор — Байшонас, Мақат — Сағыз автомобиль жолдары өтеді. Ауданда 10 клуб, мәдениет үйі, 3 кітапхана, жалпы білім беретін 12 мектеп, 8 емдеу- сауықтыру мекемелері бар. Политехникалық колледжде 300 жас әр түрлі мамандық алуда